

А 2005
5406

Тұрсын Жұртбай

К

кітапханасы

“БЕСІГІНДІ АЯЛА!..”







тыңар

ітапханасы

Тұрсын Жұртбай

“БЕСІГІНДІ АЯЛА!..”

Монография-эссе



АСТАНА – 2002

ББК 84 (5 Каз)

Ж 80

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрілігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.

Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми Кеңесі Әуезовтану және әдеби шығармашылық арнайы курсы бойынша қосымша оқулық құралы ретінде ұсынған.

Пікір жазған ҚР ҰҒА-ның академик, филология ғылымдарының докторы, профессор С. Қирабаев

Ғылыми редакторы ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор Р. Нұрғали

Тұрсын Жұртбай

Ж 80 "Бесігіңді аяла!...". Монография-эссе. Астана. Фолиант. 2003. - 504 б.

ISBN 9965-612-64-1

"Бесігіңді аяла!.." атты бұл монография-эссе — жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбайдың жиырма бес жылдық ізденісінің нәтижесі болып табылады. Мұнда **ұлттық ұлы тұлға Мұхтар Әуезовтің емірі мен шығармашылық психологиясының қалыптасу жолы, көркем туындыларының жазылу тарихы мен тарихи негіздері, көркем кеңістік пен көркем уақыт, "Мәңгілік ел" нысанасы, философиялық ұлттық көркем ойлау жүйесінің терең тамырлары, кейіпкер мен жазушы арасындағы психологиялық байланыстың тылсым түйсіктері, Құнанбай және Абай сияқты тарихи тұлғалардың өмірлік деректері мен "Абай жолы" роман-эпопеясындағы көркем бейнелерінің арақатынасы — салыстырмалы әдебиеттану әдісімен жан-жақты қарастырылып, теориялық тұрғыдан талданады.**

Зерттеу барысында оқырманға **бұрын белгісіз** архив құжаттары мен бимәлім болып келген естеліктер **барынша** мол пайдаланылған. / / / /

Ж 470225200
00(05)-03 **02***

ББК84(5Каз)

ISBN 9965-612-64-1

© "Фолиант" 2002



Әлди

(Оқшау сөз)

Жалғанның жарығын көрген әрбір тіршілік иесінің өмір сүруінің өзі — құбылыс. Тіпті сарғайған жапырақ пен солған гүлдің тозаңына оранып, ғайыпқа айналған көбелектердің келер жылы шөп тамырының шырынымен қайта тірілгеннен кейінгі қысқа ғұмыры да оның былтырғы өмірінің жалғасы болып табылмайды.

Жас қанат көбелек үшін — өткен жаздағы гүлдердің түр-түсі, жусанның иісі, ауаның ағысы, күн сәулесінің шуағы, шөп шырынының дәміде бимәлім, күр елес кана. Ол — табиғи жұмбақ түйсікпен күн кешеді. Шартты түрде қалыптасқан ғадеттің көмегімен суықтан қорғанады, гүлден гүлге қонады. Таңғы күміс шықтардың арасынан жалтырай ұшып, күн сәулесінің астында қызылды-жасылды түрге боялып, тірлік салтанатын құрады. Күзде жапырақпен қос сарғайып, тағы да тозаңға айналып тынады.

Келер жазда тағы да солай, дәл сол тіршілік қамықайталаанады.

Бірақ, өзге көбелектің өз әлемі басталады. Ол үшін бұрнағы жылғы жаздың сән-салтанаты, ыстық-суығы, аңыз-ағы мүлдем мақұрым болған. Тек өмір сүру формасы ғана сақталып қалады. Себебі: сол мерзім ішінде жер келбеті де оңады. Өсімдіктің бір түрі мәңгі жоғалып тынады. Өзен арнасы өзгереді. Теңіз тартылады. Топырақты сортаңбасады. Не егістікке айналады. Жусан мен шұғынықты жеріне бидай, күріш, мақта, тіпті жүгері өнер. Үй салынар, шырша егілер.

Несі бар, әйтеуір, бұрынғы дала емес. Көбелек үшін бұл көрініс атам заманнан осылай боп келе жатқан тәрізді.

Күз салқыны қанатын қарығанда ғана бір зауалдың та-
калғанын сезіп, мәңгілік тыныштыққа мойынсұнады.

Ал адамзаттың керуен көші ше?

Ол да солай. Жарық дүниеге іңгәлап жылап келеді,
мәңгілік бесікке жылап шығарып саламыз. Кімге қандай
мөлшерде тіршіліктің дәмі бұйырды, ол белгісіз, бірақ түбі
бір жалғанның жалғандығын сезінесің.

Бұл — ұзақ, сонарлы сапар.

Сондықтан да бір ұрпаққа тиесілі ғұмырда барша өз-
герісті байқап та, бағымдап та үлгермейсің. Алайда, жылы-
на бір рет коньс аударып жылжи көшкеннің өзінде өмір
жібі әуелгі қаққан ғұмықазығынан әлдеқайда алысқа ба-
рып үзілгенін көшпелі елдің философиясында жоққа шы-
ғармайды. Абайдың: "ұлып жұртқа қайтқан ой" деуі де о-
дан суыртпақталады. Абай кешкен тіршілік — коньстан
коньс таңдаған Ырғызбайдың — Кеңгірбайға, Өскенбай-
дың — Құнанбайға ұстатқан көш тізгінінің жез бұйдасы
емес ол. Ал, Мұхтардың көрген көшпелімірі — соның бар-
лығының ырқына бағынбай, бірден-бірге сусып шығып
келген заманажібінің ең соңғы түйіншегі еді. Абайдың шө-
бересі Айдар да, Мұхтардың қызы Ләйла да, ұлы Мұрат
пен Ернар да, немересі Аскар мен Мағжан да отырықшы,
ақыл-ойдың сабасына пісілген зиялылар қауымына жата-
ды. Олардың қолында көшпелі өмірдің бұйдасы жоқ. Оның
қандай екеңдігін білмеуі, тек елестетуі мүмкін.

Бірақ ұмытылмайды.

Адамға тән, ақыл, сана, түйсік оған жібермейді. Жеке-
леген мәңгүрттердің тонастығы мұқым халықтың керуен
тағдырын тұмандата алмайды. Өткенін ой елегінен екше-
меген ел, ұрпаққа рухани қорқалдырмаған халық — та-
рихта өмір сүру құқынан айырылады. Уақыт құрсағында
ұзақ ұйыған көшпелі жұрт та үнемі селеу мен жусанның
басын шалып, көгалды қуып, самалды даланы кезе берме-
ген. Көш белін суытқанда тобылғының түбіндегі бетегеге
орап, өмір-дәнін, арман-мұратын, көкірек жылын, үмітін
жүрген жолына көміп кетіп отырған. Үнемі табиғатпен,
тысқарғы азуын айға білеген арыстанмен, ішті тырнаған
мысық тілеумен айкасқа түсіп жүргендіктен де, сарайтұр-
ғызып, шаһар салуға мұршасы да келмеген шығар. Бірақ,
өмір сүрудің өзіндік философиясы ойлап тапқан. Жандү-

ниесін жүдетпеген. Рухани тазалығын, мәдени мұрасын сирек кездесетін гауһар тәрізді кіршіксіз сақтаған. Қадірін білген.

Көштің де, көшудің де, көшпеліліктің дәстүр-салты, сән-салтанаты, қайғы-қасіреті, күйзеліс-күйініші, бақыты болған. Қысы-жазы жұрт сарғайтып отырмағанымен де, олар ешкашанда ата жұртынан ауа жайылмаған. Көшпенділер әлемі өз ішінде мәңгілік қозғалыс заңымен өмір сүрген.

Өз ішінде ұзақ қозғалған сол ұлы көш ХХ ғасырдың басында замена маңдайына жазған отырықшы өмірге бір бүйірден кіріп, аласапыран дүниегараласты да кетті. Тек көші-кон ғана емес, адамдардың арасындағы алыс-беріс те өзгерді. Санасында көштің елесі ғана қалған мүлдем жаңа халық қалыптасты. Көшпелі тіршілікпен мәңгілікке хош айтысты.

Міне, Мұхтар осы көшті де көрді. Көріп қана қойған жоқ, жаңа қоғамның керегесін жеріп, шаңырағын көтеріп, уығын қадасты. Тіпті, халқын сол тіршілікке көшуге ықпалын датигізді. Алайда, барлық керітартпалығымен, кесірлігімен, көріксіздігімен, қаталдығымен бірге қосып алғанның өзінде, сол көшпелі әлемнің — адамзаттың мәдени қорынан лайықты орынын, бағасын алуға толық қажысы да, құқысы да бар еді. Отырықшылық — жер бетінде халық боп өмір сүрудің, елдікті сақтаудың, рухани-мәдени мұра қалдырудың бірден бір қажетті үлгісі емес және барлық жұрт көшпелі дәуірде басынан өткізді. Бір ел — ерте, бір ел — кеш араласты. Ал, көшпелі әлемді өмірлік қажеттілік деп есептеген елдің де ерекшелігі — адамзат қоғамының даму тарихындағы құбылыс емес пе? Салт, сана, этнография, көшпелі философиясы, әдеп, тарих, психология, сөз қазынасы, ән-жыр, киім-кешек, сәулет, ішкі басқару жүйесі, өзін-өзі қорғау тұрғысынан алғанда да көшпелі әлемнің із-түзсіз кетуі қандайда қарсы қисынға қарамастан әділетсіздік еді. Өнердің қай саласында болмасын, әйтеуір бір жанрдың еншісіне перғауындардан қалған пирамидалар, көне гректер тұрғызған Парфеон, қытайдың жылнамасы, үндінің Гильгамеші, үндістердің аңек сарайы іспетті белгі қалдырудың бақытты азабы бұйыруы тиісті болатын. Қазақ жұрты ондай қазынадан кенделік көрмесе де кенжелеген

тұсы бар еді. Көшпенділердің бар стихиясын бір қауызға сыйғызып беретін мұрақажет-тін.

Ол - бақыт Мұхтарға бұйырды.

Көшпелі өмір әлем цивилизациясының құшағына кіріп, бірте-бірте сіңіп бара жатты. Қадым дүниеде жәнаны баурап, жандүниені билеген өмір сүрудің бір тәсілі екі-үш ұрпақтың шегінде ұмытылып, жүрегінде жаңғырып, еле-сін қалдырғанменде, түйіншегі молайған әлемнің тіршілік жібінің үзігі жалғанбайтын. Көшпелі әлемнің өзімен бірге мәңгі жоғалған сол құбылыстың жұмбағын барша кайшылығымен, қасыретімен, салтанатымен Абай арқылы адамзатқа ашып беру мақсатын Әуезов саналы түрде творчестволық мұрат ретінде ұстанды. Абай — замана ылауына жегіліп, ХХ ғасырға маңдайын тірегенге дейінгі көшпелілердің ақыл-рахатының, салт-сана түзілісінің жиынтығы, көшпелілер мәдениетінің адамзат алдындағы берген есебі іспетті дала перзені еді. "Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім" — деп заманына өксуінің, "калың елім — қазағым, кайран жұртым" деп зар үнін қосуының "мен ішпеген у бар ма" — деп күйінуінің, "өздеріңді түзелер дей алмаймын, өз қолыңнан кеткен соң енді өз ыркың" — деп шарасыздықпен үміт үзуінің мағынасы сонда. Көшпелі өмірдің жібін қолдан шығып бара жатқанын, өзінің ақылазабын шеккен ой иесі екенін Абай білді. Соншама ауыр салмақты көтере тұрып, халқының белгісіз болашағын болжағанда жүрек қабына шер толып, жарылып кетті.

Ақылдан езілген у бойын жайлады Абайдың трагедиясы да осында.

Ол қасіреттің серпілген мезетін, тығырыққа тірелген қоғамның қысылып-қымтырылып барып өзге арнаға түскен жолын Мұхтар көрді. Әсіресе, 1930—1932 жылы түрмеде отырған тұсында мұны сезінудің, саралаудың сәті түсті. ХХ ғасырдағы көшпелі елдің мұң-мұқтажы үшін күйіп жанған зиялылардың барлығы бір барақта екі жыл жатты. Олардың қатарында жазықтылар да, жазықсыздар да; көшпелі өмірді саналы түрде қорғағандар да, оған жанын сала қарсы шыққандар да; қазақ елінің сан қилы мемлекеттік құрылымын, саяси бағыт-бағдарын, ұлттық құқық-мүддесін жасап, бір-бірімен ондаған жылдар бойы газет-журнал арқылы таласып келген саясаткерлер де, ұлт-

жандылар да, ағартушылар да, миссионерлер де, түрікшілдер де, жәдидшілдер де болды. Ак таңертеңнен түн ортасы ауғанша емін-еркін дауласып, ойындағыларын еркін айтты. Өткен-кеткен қателіктерін қазбалады. Пәтуға да келді. Бүгінгі мемлекеттің саяси хал-ахуалын, елдің ертеңін талқылады. Олар өздерінің тарих бетінен ысырылып калғандарын білді. Біле тұрып, саналарын сарка пікір алысты. Араларындағы ең жасы — Мұхтар Әуезов пен Әлімхан Ермековке соны түсіндіріп, өздерінің үмітсіздігін айтып, олардың бостандыққа шығуының жолдарын нұсқады. Туманы айықпағаниңғылынан кайтарды. Солармен қоса көшпелі дәуірдің отырықшылыққа өту дәуірі арасындағы жанталасты күй кешкен зиялы жандардың да үні өшкеніне Мұхтар мен Әлімханның көзі жетіп шықты түрмеден. Қилы заманға тап болған қайраткерлердің қателігін де, қарақты hareketтерін де түйсініп калды. Ол — өзінің творчестволық парызын да ұғынды.

Дәл осынау аумалы-төкпелі дәуірде көшпелілердің бүкіл трагедиясын, тарихын, психологиясын, салтанатын ащы да тәтті дәмін араластырып толғап беретін өзінен басқа абыздың жоқ екенін сезді. Сәкен де, Ілияс та, Бейімбет те бар зейін-қуатымен күласа да олардың үні өзгеше әуенмен естілетін, тақырып тамырын бертіннен бастайтынын білетін. Асылық ой емес, бұл нақты шындық, талант психологиясының желісі солай болатын. Тірі қалғандардың ішінде тек Мұхтарға ғана бұйыратын сыбаға, тарих үкімі еді.

Мәдени-рухани әлемдегі өзінің орынын, міндет-парызын тауып, соны деріағында түсініп, шешім қабылдау — талант үшін бақыт. "Қилы заманның" да, "Қараиш-Қараиштың" да, "Қасеннің құбылыстарының" да, "Хан Кененің" де сол олқылықты толтыра алмайтынын, олардың көшпелі өмірдің әр тұстағы көрінісі ғана екендігін, солардың барлығының басын косып, өзара үндестіретін аса қуатты әрі терең, көшпелілер мәдениетінің тұтас әлемдік коллизиясын қозғайтын ірі дүние қажеттігін Мұхтар түсінді. Өзі жазбаса — орыны толмайтынын жан-тәнімен ұғынды.

Сол үшін де басын бәйгеге тігіп, жиырма жыл жанталаса ғұмыр кешті.

Ақыл-ойдың абызы Абайға сыйынды.

Көшпелілер әлемінің, қазақ елінің самал ескен тіршілігінің, мәңгілік замана сағымына сіңіп жоғалған керуен-

көшінің суретін салып кетті. Адамзат тарихындағы көшпелі қазақ өмірінің қайғы-салтанатын сүйіне де, күйіне жырлаған ондай шығарма, әзірше, туа қойған жоқ. Туар маекен? Жұмбақ. Жандүниенің бар қатпарындағы шырыны мену тамшысының себебін ашып берген Абайдың нала-назы әлі жалпақ жұртқа жеткен жоқ. Жете ме? Кашан? Тымкұрығанда, сол жетпейтін жырдың сарын-әуенін қара сөзбен жырлауының өзі дешүкіршілік жасатады. Шүкіршілік.

Егер Мұхтар болмаса, ол орынды кім толтырар еді? Дәл осындай сәтте оның дүниеге келіп, өмір сүргенінің өзіне де тәубе.

Ол "Абайға" осындай философиялық-психологиялық түйсік, тұжырыммен келді. Ойындағысының барлығын емін-еркін жүзеге асыра алған жоқ. Кедергі, етекбастылық көп кездесті. Айтар пікірінкері түсіндірген, дұрыс жазып тұрып, керісінше түзеткен, қажетсіз нәрселерді қасақана қазбалаған тұсы да болды. Себебі...

Амалсыздықтан соған көнуден басқа амалы да калмаған.

Ал заман көшінің керуені, әне, қоңырауын қағып, ұзақ сапарға — шексіздікпен ұласқан алыс болашаққа бет алып, жолай әлде бір қымбат құбылысын жоғалтып, оның орнына қажетті олжасын қанжығасына бөктеріп, ұзап барады. Бейне бір келер көктемдегі тіршілігін қайта бастаған түрлі-түсті көбелектер сияқты, олардың да жадынан талай құбылыстар ұмытылған. Керуен қоңырауының талып жеткен сол әуенінің ішінен көшпелілер әлемінің де үні үздігіп естіледі. Созыла құйылған саздың арасынан:

Өмірге ерте туып, асыға өскен,
Дүниеге адам қонақ түней көшкен.
Ер туып, ел қорғаған ата-бабаң,
Солардың ізі жатыр тозаңы өшкен —
деген қоңырдауыс естіліп бара жатқандай.

Сол әнші кенет есте жоқ ескі заманды есіне алғысы келіп, қоржынына қолын салар Бейтаныс бейнелер сызылған, атқа мініп кайтадан қаздай тізіліп әлдеқайда маңып бара жатқан көшпенділердің көшін көріп, әлгі кітаптың бетін ашар, ашар да:

"Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне шәкірт бала барын салды" — деген сөзді оқыр.

Іле: "Қарашокы Қодар кыстауынан алыс емес. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі" — деген жолға дәкәзі түсер.

Бұл оқиға Шыңғыс тауында туған үшінші данышпан Шәкәрімнің дәнәзарын қатты аударған. Ол да:

Ой қозғайды, оңаша таудың басы,
Өткеннің ойға түсіп тамашасы.
Қолтығына қабағын түйіп қарап
Әне тұр Қодар өлген құз-жартасы, -
деп сол құздың нұсқайды.

Міне, жермен жексең болтан сол кыстау.

Әне, сол Қодар құлаған құз.

Мүмкін, сонау алыс болашақта бұл араны жусан мен бетеге басып кетер. Мүмкін, тап-тақыр топыраққа айналар.

Бірақ Шыңғыс тауы, Қарашокы шөгіп қалмас.

Қодардың денесі тірідей лақтырылған бұл күз Шыңғыс тауының бауыздар алқымына түйнектеліп тұрып қалғандас, қатып қалған көздің жасы сияқты. Қарасұрланып, айғыз-айғыз тілімденген сызаттар. Бауырында қына басып, мүк көмген, шыммен қымталған кесек-кесек тастар. Оның ішінде шалажансар денеге "қарғыс оғы" ретінде қырық рудың биі менбектері лақтырғандастың да болуы ғажәп емес. Тек оны енді ажыратып беретін Құнанбай да, Сүйіндік те, Бөжей де жоқ. Кей қариялардың дерегінше Қодарды күлатқан құбұдан сәл ілгері, тау ішіндегі жанама шыңырау. Бірақ,, қалың қауымның анып-біліп, құлайсенгені осы ара.

Қара атанның қомына теңдей дарға асылған адамды кинамай өлтіру үшін жаратқан жартас бұл.

Көшпелілер тұрмысынан жазылған эпопея, тура осы мүжілген қара жартастың бауырындағы қорымнан басталады. Француз ойшылы Ламартин: "Қорымдар тек суреттеп жазуға ғана жаксы, ал онда өмір сүру мүмкін емес" - депті. Шындығы — шындық. Өмірдегі ақиқатты барынша дәл баяндаған Шәкәрім ақын одан да сұмдық жазаны айтады. Жердің қойнына қарамақас үшін:

Әбден өліп болған соң отын әкеп,
Екеуінің сүйегін отқа жақты, —
дейді.

Ол оттың күлі топыраққа айналған. Тек жер қыртысының тыртығы боп біткен осынау тас коралардың орыны көшпенділердің тарих бетіне басып кеткен мөрсі сияқты.

Ол мөр әлі өше қойған жоқ.

Қызылорда облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қыстауы.



АРНА

(Такырып тиегі)

Ұлтының рухани нысанасына айналған Мұхтар Омарханұлы Әуезов сияқты тұлғаның өмір сүрген тарихи кезеңі алыстаған сайыш оның шығармашылық өмірбаяны мен мұрасының өзі де (1 - 10) сол ұлттың рухани көркем шындығына айналады. Өйткені сол тұлғаның өмір сүруінің өзі құбылыс. Әр ұлттың рухани дамудың қандай дәрежесіне жеткені сол дана тұлғаларға деген көзқарас пен көркемдік өлшемнің деңгейі арқылы пайымдалады. Өйткені, шынайы ұлттық тұлғалардың тағдырына "сананың сәулесін түсіру арқылы біз ұлтымыздың өткен тарихын талдап, бүгінгісін саралап, келер болашағын анықтаймыз. Сондықтан да даналардың тұлғасын саралау — сол ұлттың рухани қажеттілігі" болып табылады (12. IX. 101).

Қазақ ұлтының рухы мен көркемдік жады және әдебиеті мен мәдениеті үшін Мұхтар Омарханұлы Әуезов те сондай дара да күрделі тұлға. Оның "қат-қабатта", "шытырманда", "бел-белесте", "қияда", "тайғақта", "оқапта", "қақтығыста", "қоршауда", "құз-қияда", "қапада", "қастықта", "биікте" (1.3 — 6 т.) өткен мазасыз шығармашылық өмірі мен танымын түсіну — сол ұлттың рухани парызы. Өйткені, М. Әуезов бір ұлттың емес, мұқым бір қоғамдық құрылыс ауқымындағы "тарихи көркем ойлау жүйесін қалыптастырған" (13. 388), "XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірін дүниеге әкелген" (14. 221) Сөз иесі.

Егерде, әрбір данышпанның маңызын ең алдымен сол елдің дамуындағы орнымен бағаласа, онда Мұхтар Әуезовсіз ұлтымыздың рухани өмірі де, тарихы да, дүниетанымы

да жетімсіреп қалар еді. Бұл — бір халықтың болашақта алыс-жақын ұлттармен және ұлыстармен терезесі тең тұрып, өмір сүруге тиісті құқынан айырылумен пара-пар деген сөз. Адамзатқа ортақ ірі тұлға тәрбиелемеген халықтың тарих сақнасынан ерте ме, кеш пе, ысырылып қалуы заңдылық.

Мұхтар Әуезовтің даналық көркем ойының мәйегінің құнары — тек оның шығармаларындағы қат-қабат тартыс жүйесінің тоғысуында, жеке тұлға мен қоғам арасындағы көзқарас тартысында ғана емес, үш формацияны тел емігі өскен тағдырының тамырында жатыр. Әлмисақтан бергі даналардың творчестволық талқысын таразыласақ, олардың алдындағы міндеттердің көркем шешілуі — адамзаттың санасына өзгеріс әкелді. Гомер — өзінен де бұрынғы ықылым дәуірдің елестерін тарихи тұрғыдан жинақтап берді. Мұтан-наби мен әл-Маари өмірді сыншыл көзқараспен көркем талдады. Данте — адамның өзін өзі тануына жол ашты. Шекспир — кейіпкердің шартты әрекетін бұзып, өмір құбылысын өзінше қабылдап, ірі қимылдарға баруына көпір салды. Толстой — адамдардың арасындағы қарым-қатынастар арқылы тарихты көркем тұрғыдан сабақтады. Гете — тұлға мен қоғамның арасындағы қайшылықты саралады. Абай — көшпелілер әлемінің көркем ойлау жүйесін адамзаттық парасат деңгейіне көтерді. Ал Мұхтар Әуезов — көркем творчествосымен қоса жеке өмірі арқылы көшпелілер әлемінің соңғы тұйыққа тірелу қасіретін, самодержавиенің отаршылдық езгісін, оның сана мен санатқа жасаған зорлығын, рухани тәуелділікті тудырған басыбайлы психологиясын, социализмнің "коммунистік-колонизаторлық" (С. Сәдуақасов) пиғылы мен тобырлық кекшілдігін, заманалардың төңкерісіне қоса адамның тағдырын оймен екшеп берді. Көркем шындық арқылы тарихи шындықты адамзаттың назарына ұсынды. Бұл Мұхтар Әуезовтің дүние мәдениетіне қосқан парасат пайымы.

Ол шындық ұлттың рухани тарихына айналып кетті.

Сондықтан да оның өмірі мен шығармашылық жолына және көркемдік әлеміне арналған әр саладағы ғалымдар мен сыншылардың, әдебиет зертеушілерінің 3350-ден астам монографиялары мен мақалаларының жарық көруі заңды (15).

1917 жылы күзде "Талап азаматы" (Семейде құрылған "Талап" уақ-қарыз бірлестігінің мүшелері - Ө. Ақбердин, М. Құнанбаев, М. Әуезов, С. Ғабитқанов, Д. Ысқақов. Мақала Д. Ысқақовтікі болуы мүмкін. "Сарыарқа", 1917, № 2, 19 шілде) деген бүркеншік атпен жарияланған "Еңлік — Кебек" пьесасы туралы "Игілікті іс" атты сын мақаладан бастап, 1999 жылы жарық көрген "Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті" атты жинаққа дейінгі аралықтағы зерттеулер — қазақ әдебиеттануы ғылымындағы әуезовтану саласының толық қалыптасып, халықаралық деңгейдегі ілім негізіне айналғандығын танытады.

Мұның өзі біз діттегелі отырған тақырыптың зерттелу жолына жалпы шолу жасауды қажет етеді.

Ұланғайыр зерттеулер мен сыни пікірлердің, теориялық талдаулардың, философиялық-тарихи ойлардың басын біріктіріп, жетпіс екі тілде жарияланған әуезовтану саласының қалыптасу жолын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең: 1917— 1930 жылдар арасын қамтиды. Библиографиялық деректерге жүгінсек, бұл салаға алғаш із салған Ж.Аймауытов (16), Д. Ысқақов (17, 18), Ғ. Сағди (19), С. Сәдуақасов (20-22), О. Беков (23, 21), Б. Кенжебайұлы (24, 22), Р. Жаманқұлов (25), З. Темірбеков (26), М. Қаратайұлы (27) екен. Сондай-ақ, әсірешолшыл, идеологиялық, таптық тұрғыдан сынай пікір айтқан Ғ. Тоғжанұлы (28), Ж. Орманбайұлы (29), Мұстафа (30) сияқты сыншылардың терісқақпай пікірлері де белгілі бір дәрежеде жазушының тағдырына тікелей әсерін тигізген, Мұхтар Әуезовтің өмірбаянының талқылы беттері болып табылады.

Отызыншы жылдарға дейінгі жарияланған жазушы шығармасы туралы сыни пікірлердің дені оның "Еңлік — Кебек", "Бәйбіше-тоқал", "Ел ағасы", "Қаракөз" іспетті сақналық шығармаларының қойлымына арналған. Мұнда пьесаның көркемдік нышандарынан көрі спектакльдің қойлымына, режиссерлік шешіміне, актерлердің ойынына, безендіру жұмыстарына баса көңіл бөлінген. Ал тікелей көркемдік талап тұрғысынан келіп, әдебиет сынышысы ретінде пікір білдірген Ж.Аймауытовтың "Қорғансыздың күні" (16), Д. Ысқақовтың "Бәйбіше-тоқал", "Қорғансыздар" (17, 18), С. Сәдуақасовтың "Бәйбіше-тоқал" (20), "Қазақ әдебиеті туралы" (21), "М. Әуезов" (22) атты мақалала-

рында М. Әуезовтің шығармашылық жолы мен шығармаларының көркемдік астарлары, оның әлеуметтік негіздері, тақырыпты игерудегі шеберлігі, қаламгерлік тұлғасы мен авторлық баяндау тәсілдері, көркемдік компоненттері сыни талдаудың негізгі арқауына айналды. Жиырманшы жылдары ерекше әдеби пікір таласын тудырған "Қаракөз" пьесасы жайындағы қазақ, орыс тілдерінде қатарласа жариялаған Ж. Орманбайұлының (29), Ғ. Тоғжанұлының (28), О. Шәріпбайұлының (31), А. Пильдің (32), Мұстафаның (30) мақалаларында шығарманың романтикалық рухы мен психологиялық желісіне қарсы пікір білдірілді, Сырым мен Қаракөздің арасындағы "қайғылы хал" сенімсіз суреттелген, ондағы сал-серілердің іс-әрекеттері жасанды, оқиға өмір шындығынан алыс, Әуезов "буржуазиялық мәдениеттің жетегінде кеткен" — деп бағалап, "ұлтшыл-буржуазиялық шығарма" ретінде сынға алды. Мұның соңы жазушыны түрмеге жабуға әкеліп соқты.

Әуезовтанудың екінші кезеңі шартты түрде 1930-1953 жылдар деп алынды. М. Әуезовтің шығармашылығы туралы сыни пікірлер баспасөз беттерінде 1934 жылдан бастап жиі айтыла бастады. Соның ішінде С. Сейфуллиннің (33), І. Жансүгіровтің (34), Ғ. Мүсіреповтің (35), Ж. Саинның (33), Ә. Тәжібаевтің (37), С. Мұқановтың (38), Ғ. Тоғжановтың (39), Е. Ысмайловтың (40) мақаларында сыни көркем талдауға кең орын берілді және онда жазушының тарихи шындықты көркем шындық дәрежесіне жеткізіп бейнелеу барысындағы ізденістеріне ерекше көңіл бөлінді. Алайда мұның барлығы байсалды зерттеу тұрғысынан емес, пікір айтылған шығарманың сол кезеңдегі идеялық талапқа жауап беруіне сәйкестендіріліп жазылған мерзімді сипаттағы көзқарастар еді. Негізгі тақырып — шығарма емес, жазушының өзі және оның ұстанған идеялық нысанасы төңірегінде болды.

М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы және көркемдік ізденістері, жазушылық ерекшеліктері мен шығармаларының жазылу тарихы туралы алғашқы байсалды мақалалар 1939 жылы "Абай" трагедиясы жазылғаннан соң барып жарық көре бастады. 1942 жылы "Абай" романының бірінші кітабы басылып шыққаннан кейін ғана М. Әуезовтің шығармашылығы туралы еңбектер ғылыми зерттеу

бағытына қарай ойысты. Сол жылдары жарық көрген Е. Ысмайыловтың (41), Б. Кенжебаевтің (42), Ғ. Мүсіреповтің (45), С. Мұқановтың (44), Ә. Тәжібаевтың (45), М. Ғабдулиннің (46), Қ. Жармағанбетовтің (47), Т. Нұртазиннің (48), Ғ. Мұстафиннің (49) мақалалары шын мәнінде әуезовтанудың негізіне ұйытқы болды. "Абай" романының орыс тілінде жарық көруіне байланысты пікір білдірушілердің де аясы кеңіп, Бүкілодақтық деңгейде талдана бастады. Соның ішінде Л. Соболевтің (50), В. Жирмунскийдің (50), К. Зелинскийдің (52), М. Ритман-Фетисовтің (53), М. Тарловскийдің (54), Н. Сацтің (55), А. Колосковтың (56), Л. Климовичтің (57), П. Скосыревтің (58), Б. Горбатовтың (59), А. Фадеевтің (60), В. Кожевниковтің (61), З. Кедринаның (62), С. Петровтың (63), К. Потаповтың (64), Д. Гриньконың (65), Д. Молдавскийдің (66), А. Сафроновтың (67), Ю. Лебединскийдің (68), В. Александрованың (69), К. Симоновтың (70) сыни мақалалары әуезовтануды мүлдем жаңа сатыға шығарып, дүниежүзілік әдеби тұлға дәрежесіне көтерді. Соның нәтижесінде З. Кедринаның "Мұхтар Әуезов" (62) атты сыни-өмірбаяндық кітабы жарық көрді, Е. Аизунова "Қазақ совет әдебиетіндегі тарихи романның дамуы" (1950 ж., 72) деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1939—1953 жылдар аралығында М. Әуезовтің шығармашылығы жөнінде қазақ тілінде — 91, орыс тілінде — 210 мақала мен өмірбаяндық шолулар жарияланды. Олардың дені "Абай" романы мен "Абай" трагедиясының және пьесаларының көркемдік ерекшеліктеріне арналды. Ал жазушының прозалық шығармалары, әсіресе, отызыншы жылға дейінгі жазылған туындылары тек бір жақты аталып өтіп, оларға "шығармашылық сәтсіздік және идеялық адасудың нәтижесінде дүниеге келген" — деп баға берілді. Жазушының қалыптасу кезеңін қамтитын "Қаракөз", "Көксерек", "Қаралы сұлу", "Кінәмшіл бойжеткен", ("Қазақ қызы", 1961 ж. басылымда "Кінәшіл бойжеткен") "Қараш-Қараш", "Қилы заман" іспетті көркем дүниелерін әдебиет сыншылары үнемі назардан тыс қалдырып отырды. Сонымен қоса 1946-1953 жылдардың аралығында "Абай", "Ақын аға" атты романдары да қатты сынға алынды. С. Бәйішевтің "Профессор М. Әуезов өткендегі қателерінің шыр-мауында" (73), М. Балақаевтің "Көркем әдебиеттің тілі

жайында" (74), П. Кузнецовтың "Сынау орнына мадақтау" (340), С. Нұрышевтің "Абайдың шығармашылығын оқытудағы буржуазиялық-ұлтшыл бұрмалаушылықты түп тамырымен құрту керек" (76), "Казахстанская правда" газетіндегі (авторы Никитин не Малиновский-?) редакциялық "М. Әуезовтің "Абай" романы жөнінде" (77) іспетті мақалаларда көркем шығарманы талдаудан көрі қаламгердің жеке басына қамшы үйіру, жала жабу, үкім айту пиғылы басым тұрды. Саяси қысым мен идеологиялық жазалау саясатының кесірінен үш кітаптан тұратын романдар тізбегін төрт кітап етіп қайтадан өзгертіп жазуға мойын ұсындырды. Мұндай жөнсіз жала мен тарихи тұлғалар туралы орынды-орынсыз пікірталастары М. Әуезовтің кейбір шығармаларының көркемдік шешімі мен авторлық концепциясын бүтіндей өзгертуге мәжбүр етті. 1953 жылы көктемде Қазақстан жазушылар одағында өткен "Абай" романы туралы Алматы қалалық зиялылар қауымының талқылау кешінде кеңестік қысым өзінің "шырқау шегіне" жетті. Саяси қудалау мұнымен де тоқталмады. Ақыры Мәскеуден саяси пана іздеуіне тура келді: А. Фадеев, Л. Леонов, К. Симонов, В. Кожевников, Н. Тихонов, А. Сурков сынды орыс қаламгерлері М. Әуезовті қорғап қалды. "Абай" романы және оның бүкіл кеңес кеңістігіне қатысты әдебиет тарихынан алатын ерекше орыны жөнінде ілтипатты пікірлер білдірді. Міне, бұл — жазушының көркемдік әлемінің дүниежүзілік руханияттағы орынын анықтап берген шешуші де қилы кезең болды.

Әуезовтанудың үшінші кезеңі "Абай жолы" роман-эпопеясы толықтай аяқталып, мемлекеттік идеологиялық саясаттың "жылымық" кезеңі басталған тұста жаңа арнаға түсті. Жазушының "Қаракөз", "Еңлік — Кебек", "Қараш-Қараш", "Кінәмшіл бойжеткен", "Қаралы сұлу", "Сөніп жану", "Ескілік көлеңкесінде", "Көксерек" атты көркем туындылары түзетіліп, өңделіп барып жарық көргеннен соң ғылыми зерттеу мен сыни талдау бағытына ауысты. Жазушының өмірі мен шығармашылық жолын зерттеп, талдау жасап, баға беріп, шеберлік өрнектерін теориялық тұрғыдан дәлелдеп, М. Әуезовтің көркемдік әлемін жан-жақты байыптауға негіз қалаған сүбелі еңбек — "Қазақтың тұңғыш эпопеясы" (78) атты жинақ. Онда М. Қаратаевтың — "Қа-

зақтың тұңғыш эпопеясы", А. Нұрқатовтың - "Абай және оның дауірі эпопеяда", Қ. Құттыбаевтың - "Эпопеядағы халық өкілдерінің образы", Т. Нұртазинның - "Абай", "Абай жолы" романдарындағы Құнанбай мен Құнанбай типтестер", З. Ахметовтің - "Мұхтар Әуезовтің "Абай" эпопеясындағы әйелдер образы", З. Шашкиннің — "Абай" романының көркемдік ерекшеліктері", Ғ. Мұсабаевтың — "Қазақ әдеби тілін дамытқан эпопея", З. Қабдоловтың — "Бір-екі пікір" атты мақалалары жарық көрді. Сол тұста А. Нұрқатовтың "Мұхтар Әуезов" (79), М. Сильченко мен Н. Смирнованың "М. О. Әуезовтің творчестволық жолы" (80), Е. Лизунова мен Ы. Дүйсенбаевтің "Мұхтар Әуезов" (81) атты монографиялық зерттеу очерктері басылды. 1957 жылы жазушының 60 жасқа толуына орай 20 — 24 қыркүйек арасында бүкіл республика көлемінде ресми түрде "Әуезов күндері" өтті. Жазушының шығармалары мен ол туралы пікірлер дүние жүзінің 30-ға жуық тілінде жарияланды. Бұл мақалалар мен сөздер 1959 жылы "М. Әуезовке. Оның 60 жасқа толуына арналған мақалалар жинағы" (82) деген атпен шықты. Содан бастап әуезовтану саласы ресми түрде толық қалыптасып, әлемдік әдебиеттану ғылымының бір тамыры ретінде мойындалды. Қазақ әдебиеттанушылары мен әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдары, қоғамдық ғылымның әр саласының өкілдері М. Әуезовтің шығармаларын жанрлық, тақырыптық, көркемдік, философиялық, заңдық құқықтар мен этнографиялық дәстүр тұрғысынан зерттеді. Ә. Жиреншиннің "Мұхтар Әуезов" (Био-библиографиялық очерк) (83), А. Нұрқатовтың "Мұхтар Әуезов творчествосы" (79), Е. В. Лизунованың "Мұхтар Әуезовтің шеберлігі" (84), М. Қаратаевтің "Мұхтар Әуезов" (85), Ы. Дүйсенбаевтің "Мұхтар Әуезов" (286), Р. Нұрғалиевтің "Трагедия табиғаты" (85), Л. М. Әуезованың "Абай жолы" эпопеясының тарихи негіздері" (86), Ш. Елеукеновтің "Фольклордан - роман-эпопеяға дейін" (88) және "Мұхтар Әуезов - совет әдебиетінің классигі" (89), "Мұхтар Әуезов және қазіргі заман" (90) атты коллективтік монографиялар жарық көрді.

Әуезовтану ғылымының ерекше деңгейге көтерілуіне оның туғанына 100 жыл толуы мерейтойының ЮНЕСКО-ның деңгейінде аталып өтуі ерекше ықпал жасады. Қазақ

ұлтының тәуелсіздік алуына байланысты саяси және идеологиялық қысымнан құтылған әдебиеттану ғылымы бұрынғы бұрмаланған шындықтар мен теріс пайымдауларды түзетіп, таным таразысына салды, жаңа нысана тұрғысынан талдады, тарихи қиянаттарды қалпына келтірді. Бұл ретте М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына да ерекше назар аударылды және ол кең ауқымды көлемде зерттелді. 3. Ахметовтің (91, 92), 3. Қабдоловтың (93), С. Қирабаевтың (94), Р. Бердібайдың (95), Л. Әуезованың (87), Т. Кәкішевтің (96), Н. Ғабдуллиннің (97), Р. Сыздықованың (98), Р. Нұрғалиевтің (99), М. Мырзахметовтің (100), Ә. Нарымбетовтің (101), Б. Құндақбаевтің (102), Қ. Молдахановтың (103), Қ. Сыздықовтың (104), Т. Әкімовтің (105), А. Тайжановтың (106), Ә. Нысанбаевтің (107), Т. Жұртбайдың (108), Қ. Алпысбаевтің (109), Б. Майтановтың (110), Х. Мадаванованың (111), Ж. Дәдебаевтің (112), Д. Қонаевтің (113), М. Серғалиевтің (114), Ә. Нұрпейісовтің (115), Б. Жақыптың (116) ғылыми зерттеулері жарық көрді және әр түрлі тақырыпты қамтыған 1000-нан астам мақалалар жарияланды. "Әуезов және XX ғасырдағы әлемдік әдебиет" (117), "М. Әуезов: ұлттық болмыстың жаршысы" (118), "Әуезов және әлем әдебиеті" (119) атты халықаралық ғылыми конференциялардың материалдары негізіндегі жинақтардағы Ш. Айтматовтың, Қ. Нұрпейісовтің, А. Фишлердің, Ж. Монньенің, К. Пужолдың, К. Лемерсье-Келкетайдың, Л. Робельдің, Р. Дордың, Х. Берстоктің, А. Садыковтың, Л. Каюмовтың, С. Қадыров пен Ш. Шароповтың, Н. Каримовтің, А. Наралиевтің, А. Ахматалиевтің, Г. Пайвандтың, Г. Орозованың, Ш. Ыбыраевтің, М. Сармурзинаның, Қ. Алпысбаевтің, Д. Ысқақұлының, 3. Бейсенғалиевтің, Н. Сағындықованың пікірлері ерекше назар аударады.

Әуезовтану саласының дамуына жазушының шығармалар жинағының 12, 20 томдығының жариялануы және 50 томдық басылымының жүзеге асуының ойластырылуы ғалымдарға үлкен ғылыми мүмкіндік ашты. Сондай-ақ "М. Әуезовтің қолжазба мұрасы" (120), "М. О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш" (121), "М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі" (122) атты ғылыми басылымдардың да маңызы зор.

Мұның барлығы әуезовтану саласында қазақ әдебиет-

тану және әдеби зерттеу ілімі аса үлкен табыстарға жетті деген қортынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда ұлы суреткердің барлық шығармашылық қасиеттері мен өмірі толық ашылып бітті деген тұжырым жасауға да болмайды.

Жазушы мұрасын зерттеудің көкейкесті мақсаты мен өзекті міндеттері де осыдан келіп туындайды.

Өйткені, Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолының өзі қазақ мәдениетінің рухани тарихындағы құбылыс. Ол сан-салалы және жинақтай зерттеуді қажет етеді. Соның ішінде жазушы лабораториясы мен шығармашылық психологиясы, көркем шығарманың тууына тікелей әсер ететін заман мен жеке тұлға арасындағы байланыстар мен қайшылықтар суреткердің жан дүниесі мен көркемдік әлемін түсінудегі ерекше нәзік әрі шетін мәселе болып табылады. Әуезовтану ғылымы саласында бұл орайда зерттеушілердің назарын аударатын және арнайы зерттеуді тілейтін ғылыми бағыт өз ізденушілерін күтіп тұр. Өйткені, жазушының шығармашылығына арналған зерттеулер негізінен жекелеген ғылыми тақырып пен жанрлық, теориялық, танымдық тұрғыда дара-дара қарастырылды. М. О. Әуезов — романшы, драматург, ғалым, фольклортанушы, әдебиет тарихшысы, абайтанушы, аудармашы, философ ретінде зерттеу объектісіне айналып, әр еңбекте саралана талданды. Алайда сол ерекшеліктер мен тұжырымдарды жүйелеп, тұтастай тұлғаландыру, сөйтіп, М. Әуезовтің шығармашылық өмірбаянын тұтастай алып қарау, таланттың барлық көркем және ғылыми жанрлардағы ізденістеріндегі ортақ қасиеттер мен шеберлікті тұжырымдай баяндау жағы толық кемеліне жеткен жоқ.

Екінші, ұлы суреткердің жеке өміріне қатысты тағдыр талқысы мен танымдық тамырларының кейбір шешуші кезеңдері кеңестік саясат пен идеологияның қысымы салдарынан мүлдем айтылмады немесе теріс тұжырымдалды. Тіпті, саяси және рухани тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары да М. Әуезовтің 1917—1918, 1920-1922, 1930-1932, 1947—1953 жылдар аралығындағы қайраткерлік қызметі мен шығармашылық нысанасы әрқалай бағаланып келеді. Кеңес тұсында бұл жылдары жазушы "ұлтшылдықтың шырмауында болды", "идеялық тұрғыдан адасты", "кінәсін мойындады" деп бағаланса, қазір мұндай пікірлер бір-бір-

іне қарама-қарсы түсіндіріліп жүр. Бір қауым жұрт Әуезовті ұлтшыл етіп көрсеткісі келсе, екінші пайымның иелері белгілі бір дәрежеде көркемдік және ғылыми пайымдауларда қателіктер жіберді — деп нақты тұжырымнан бойын аулақ салады. Мұндай пікірлердің шаң беруі, біріншіден, М. Әуезовтің шығармашылық өмірбаянына тұтастай алғанда әлі де ортақ тұжырымның қалыптаспағандығын көрсетеді. Бұл — сол тұстардағы тарихи шындықты айғақтайтын құжаттар мен деректердің ғылыми айналымға түспегендігінің зардабы болып табылады.

Үшінші, бұл мәселелердің толық ашылмауы, жазушының көркем шығармалары мен оның ішкі лабораторисы туралы бір жақты немесе екіұшты пайымдауға жетелейді. Мысалы, "Қаралы сұлу", "Кінәмшіл бойжеткен", "Қаракөз", "Қараш-Қараш" іспетті шығармаларының әуелгі авторлық идеясы мен көркемдік шешімінің өзгеруі автордың өз еркімен жүзеге асты ма, жоқ идеологиялық қысымның кесірінен өзгеріске ұшырады ма? Жазушыға қай шығармасы үшін қандай сын айтылып, айып тағылды, кім айтты және оның кейінгі өзгертуге ықпалы қандай болды? Егер еріксізден оқиға желісі мен көркемдік шешімді өзгертіп, өзінің әуелгі авторлық идеясы мен көркемдік концепциясына қиянат жасаса, онда сол шығарманың қай нұсқасын негізгі үлгі ретінде алуға болады. Әлде оларды бір шығарманың екі нұсқасы ретінде қарау қажет пе? Міне, осындай аса ықтиятты әрі мүдделі сұрақтарға жауап беру — әдебиет зерттеушілерінің басты міндеті болып табылады. Өкінішке орай, бұл бағыттағы зерттеулер бірен-саран ғана. Сондай-ақ нақты шешімін таппаған мәселе ретінде тастүйін қалып келеді. Сонымен қатар, жазушының бүркеншік есімдері мен оның өміріне қатысты деректер бұрмаланып, кей тұстарда аңыз дәрежесіне дейін жеткізіліп баяндалғаны да байқалады (102, 123, 124).¹ Тіпті, "Абай жолы" сияқты ұлы туындының нұсқалары мен оның көркемдік концепциясы, жеке адамдарға қатысты жазушының көзқарастары, авторлық баяндаудағы емеуіріндері, романның нұсқалары толық сүзгіден өткен жоқ. Мысалы, "Татьянаның қырдағы әні" (125) мен "Абай" романының 1942 жылғы басылымдарында суреттелетін сүйкімді Ділдәнің есімі неге автордың өзі әуел баста "суықтау сұлу әйел"

ретінде суреттемек болған Айгерімге өзгертілген. Өмірлік шындықтан ауытқуының себебі не? Жазушының әсірелеуі мен көркемдік шындыққа жүгінуінен туған ба? Егерде, Айгерім бейнесі М. Әуезовтің аса поэтикалық сипатта суреттеген бейнесінің бірі ретінде биік бағаланса, онда өмірлік шындыққа қиянат жасауының қисынды көркемдік себептері қайсы? Міне, бұл түйткіл ықтиятты зерттеуді тілейді.

Төртінші, даналардың шығармашылық психологиясының ашылуы — барлық танымдық ғылым салаларының назарын ерекше аударатын мәселе. Өйткені, сол данышпанның "тарихи көркем ойлау жүйесі арқылы суреткердің өзінің, оның кейіпкерлерінің идеялық-эстетикалық тұжырымы және нақты тарихи жағдайға деген көзқарастары, олардың мінез-психологиясын бейнелеудегі көркемдік шешімі анықталады" (126. 13. 30). Бұл ретте, әдеби шығармалардың жазылу тарихы, оған түрткі болған өмірлік жайлар мен ой ұшқындары, сюжеттің тарихи және көркемдік туу тәжірибелері, талант пен таным психологиясының қалыптасуы, жеке тұлғаның өз психологиясы мен шығармашылық психологиясының арасындағы байланыстар, тарихи шындық пен көркемдік шындық арасындағы ортақ жеке дербес шешімдер, авторлық баяндау мен жазушының "мені", тақырып және жанр таңдау ерекшеліктері, шығармаға ішкі және сыртқы факторлардың әсері, тарихи шындықты екшеу мен көркемдік жүйе, жазушы мен кейіпкер арасындағы психологиялық байланыс, жағымды немесе жағымсыз кейіпкерлерге деген жазушының көзқарасы, идеология мен идеяның өзара қарама-қайшылықтары, жеке адамның шығармаға, сондай-ақ, көңіл-күй психологиясының шығарманың құлақ күйіне әсері сияқты толып жатқан әдеби шығармашылықтың тылсым құпияларын зерттеудің де маңызы ерекше. Өйткені мұндай құбылыстар арқылы сол ұлттың да көркемдік ойлау жүйесі мен психологиясы, тарихи даму танымы сараланбақ.

Бесінші, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны дүниежүзілік мәдениеттің даму деңгейінде және соған тиесілі көркемдік құбылыстармен, ағымдық ізденістермен тікелей тығыз қарым-қатынаста қалыптасты және оның шығармалары да сол әлемдік көркем ойдың бөлінбейтін бір

бөлшегі болып табылады. Сондықтан да жазушының тарихи көркем ойлау жүйесі мен шығармашылық ізденісін, көркемдік нышандарын, тақырыпты игерудегі тәжірибесін, шығармашылық шеберханасын, әр түрлі әдеби ағымдардың ықпалын, философиялық-психологиялық танымдарын, тақырып пен жанрды тандаудағы және игерудегі ішкі түйсіктерін әлем әдебиетіндегі тұлғалардың туындыларының жазылу тарихымен, көркемдік ерекшеліктерімен, суреткерлік тәжірибелерімен, шығармашылық психологиясымен салыстыра отырып тұжырымдаудың қажет екендігі ешқандай күмән тудырмаса керек. Қайта ол — даналардың ортақ қасиеттері мен даралығын ажырата қарауға негіз қалайды. Бұл тәсілді шығармашылық психологияны зерттеген ғалымдар жиі қолданып жүр өрі барған сайын қоғамдық ғылымдардың арасындағы аралас және ортақ мәселелерді шешуге кеңінен пайдаланылып келеді. Осы ретте бұрынғы СССР Ғылым академиясының әлем мәдениеті жөніндегі ғылыми кеңесінің жанынан құрылған Көркем шығармашылықты комплекси түрде зерттеу комиссиясының тәжірибесі мен тәсілдік зерттеулері жарияланған "Көркем қабылдау", "Көркем және ғылыми шығармашылық", "Әдебиет пен өнердегі ырғақ, кеңістік және уақыт", "Ғылым адамы", "Шығармашылық процесс және көркем қабылдау", "ҒТП және көркем шығармашылықтың дамуы", "Көркем шығармашылықтың психологиялық процесі", "Көркем шығармашылық", "Көркем шығармашылық және психология", "Көркем шығармашылық және әдеби процесс", "Автордың көркемдік әдісі мен шығармашылық даралығы", "Көркем бейне және тарихи сана", "Қазіргі әдебиеттану ілімінің методологиясы" (126) атты ғылыми жинақтардың маңызын ерекше атап өткен лайық. Көркем шығармашылықтың психологиясы мен көркем қабылдау мәселесі XX ғасырдың отызыншы жылдарына дейін ерекше назарға ілікті. Алайда іле кеңестік идеологияның қыспағына ұшырады, тек елуінші жылдың екінші жартысындағы "жылымықтан" соң ғана қолға алынды. Л. Н. Выготскийдің (280), Б. А. Грифцовтың (127), П. Н. Медведевтің (128), А. И. Белецкийдің (129)7 Б. Эйхенбаумның (276), Б. В. Томашевскийдің (130) еңбектері жарық көрді. М. Бахтиннің (131), Б. С. Мейлахтың (132), А. Г. Ковалевтің (133), Н. В. Гонча-

ренконың (134), А. Г. Цейтлиннің (135), Г. М. Ленобльдің (136), П. М. Якобсонның (137), В. Б. Шкловскийдің (262,316) теориялық зерттеулері мен методологиялық еңбектері шығармашылық психология мен жазушы шеберханасының қыр-сырын барынша ашып берді. Сонымен қатар М. Арнаудов (138) пен Я. Парандовскийдің (139) көркем шығармашылықтың құпиялары мен тәжірибелері қақындағы зерттеулерінің орыс тіліне аударылуы да кеңестік кеңістіктегі әдебиеттану ісіне тың тыныс әкелді. Қазақ әдебиеттанушыларының арасында шығармашылық психология мен суреткер шеберханасы мәселесі З.Қабдоловтың (140), С. Қирабаевтің (141), З. Ахметовтің (91,92), Р. Нұрғалиевтің (142), Б. Майтановтың (143), Қ. Ергөбековтің (144), Ж. Дәдебаевтің (145) зерттеулерінде қарастырылды. Көркем шығармашылықтың даму жолы мен суреткердің өмірбаяндық сыпаттарын зерттеудің әдіс-тәсілінің М. Әуезовке де тікелей қатысы бар. Қазақ әдебиеттану ғылымында кенжелеп келе жатқан саланың бірі де осы.

Арнайы зерттеудің мақсаты жоғарыда айтылған көкейкесті ғылыми мәселерді шешуге ұмтылу талабынан туындады. Олар:

- жазушының өмірі мен шығармашылық жолын тұтастай қарастыра отырып, әр кезеңдегі жазылған шығармаларының тақырыптық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін суреткердің сол тұстағы шығармашылық психологиясымен, ішкі-сыртқы жағдайлардың ықпалымен салыстыра отырып, оның идеялық-көркемдік астарын ашу;
- шығармалардың жазылу тарихын барынша толық көрсету;
- жазушының жеке тағдыры мен шығармашылық процестің арасындағы көркемдік-психологиялық байланыстар мен қайшылықтарды саралау;
- архив деректерін пайдалана отырып жазушының тарихи көркем ойлау жүйесінің қалыптасу жолы мен танымдық-көркемдік концепциясын анықтау;
- көркемдік шындыққа жету жолындағы тарихи оқиғалар мен тұлғаларды көркем түрлендірудегі бейнелеу тәсілдерін авторлық баяндау, (авторлық текст, психологиялық саралау, пейзаж, диалог, монолог, портрет